

Өндірістік экологиялық бақылау Бағдарламасын және өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептемеге қойылатын талаптарды үйгару ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2007 жылғы 24 ақпандағы N 123-Ә Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 8 маусымдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4714 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлінің 2013 жылғы 14 ақпанды № 16-ө бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлінің 14.02.2013 № 16-ө бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-баптың 29) тармақшасына сай **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Бұйрыққа қоса тіркелген Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы мен өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептемеге қойылатын талаптарды үйгару ережелері бекітілсін.

2. Күшін жоғалтқан дәп:

1) "Өндірістік мониторинг жүргізуіндегі үлгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4101 болып тіркелген, "ЗАң газетінің" 2006 жылдың 28 сәуірдегі N 76-77 (1056-1057) нөмірінде жарияланған Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлінің 2006 жылдың 2 ақпанды № 45-б бұйрығы ;

2) "Өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4359 болып тіркелген, "ЗАҢ газетінің" 2006 жылдың 13 желтоқсандағы N 215 (1195) нөмірінде жарияланған Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлінің міндеттін атқарушының 2006 жылдың 3 тамызыдағы N 258-б бұйрығы .

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр
Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрлінің

**Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары мен
өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша
есеп беруге қойылатын талаптарды келісу ережесі**

Ескеरту. Барлық мәтін бойынша «үәкілетті органдармен», «үәкілетті органмен», «үәкілетті органдар» сөздері «аумақтық органдармен», «аумақтық органмен», «аумақтық органдар» сөздерімен аудиостырылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010.08.25 N 228-ө (алғашқы ресми жариаланғаннан бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1. Осы Ереже өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары мен өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есеп беруге қойылатын талаптарды келісу тәртібін анықтайды.

2. Осы Ереже I, II, III санаттағы нысандарды пайдаланатын, арнайы табиғатты пайдалану құқығы бар барлық жеке және заңды тұлғаларға арналған.

3. I, II, III санатты нысандары бар табиғат пайдаланушылар өндірістік экологиялық бақылау бағдарламаларын келісу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органдарға жүгінеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010.08.25 N 228-ө (алғашқы ресми жариаланғаннан бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. Табиғатты пайдаланушымен өзірленген өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы рұқсат беруші органға қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алуға етінім бергенге дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органдарда келісіледі.

Сонымен қатар, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын қарau мерзімі оның келіп түскен күннен бастап он бес күнтізбелік күннен артық емес.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010.08.25 N 228-ө (алғашқы ресми жариаланғаннан бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5. Технологиялық объектілерді пайдалануға бергенде, сондай-ақ қоршаған ортаға авариялық эмиссия жасағанда, табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органымен, санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мемлекеттік органымен келісілген әсердің өндірістік мониторингін жүргізеді.

6. Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша жасалатын есеп ереженің қосымшасында көрсетілген нысандада ұсынылады.

Ескеरту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010.08.25 N 228-ө (алғашқы ресми жариаланғаннан бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

7. Өндірістік экологиялық бақылау есептемесінде табиғат пайдаланушымен еркін түрде жасалған жұмыстарды орындау туралы түсініктеме хат қоса тіркелу керек.

8. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын орындау туралы есептеме және оған қоса тіркелген түсініктеме хат қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық органдарға осы Ережелердің 9-тармағында көрсетілген кестеге

сәйкес

тапсырылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2009.07.23. N 144-ө (қолданысқа енгізілу тәрібін 2-т. қараңыз), 2010.08.25 N 228-ө (алғашқы ресми жариаланғаннан бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

9. Кезеңдік есептеме тапсыру кестесі:

атмосфераға шығарылған шығарындар мониторингісі бойынша есеп беру, есептік тоқсаннан кейін 10 жұмыс күн ішінде тапсырылады;

суға тәгілген тәгінділер мониторингісі бойынша есеп беру, есептік тоқсаннан кейін 10 жұмыс күн ішінде тоқсан сайын тапсырылады;

сулар мониторингісінің нәтижелері жыл сайын тапсырылады;

арыздар бойынша есеп беру (арыздар түскен жағдайда), есептік тоқсаннан кейін 10 жұмыс күн ішінде тоқсан сайын тапсырылады;

қалдықтар мониторингі бойынша есеп беру есептік тоқсаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде тоқсан сайын тапсырылады;

жердің ластану деңгейінің мониторингі бойынша есеп беру есептік тоқсаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде тоқсан сайын тапсырылады;

радиациялық мониторинг бойынша есеп беру есептік тоқсаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде тоқсан сайын тапсырылады;

санитарлық-қорғау аймағының шеңберінде әсер ету мониторингі (атмосфералық аяа, су ресурстары, топырақ жамылғысы) бойынша есеп беру есептік тоқсаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде тоқсан сайын тапсырылады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010.08.25 N 228-ө (алғашқы ресми жариаланғаннан бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Өндірістік	экологиялық	бақылау
бағдарламалары	мен	өндірістік
экологиялық	бақылау	нәтижелері

бойынша есеп беруге қойылатын
талараптарды келісу ережесіне қосымша

Өндірістік экологиялық бақылау бойынша есеп нысаны

Ескерту. Ереже қосымшамен толықтырылды - ҚР Коршаған ортаны қорғау министрінің 2010.08.25 N 228-ө (алғашқы ресми жариаланғаннан бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1 кесте

1. Жалпы мәлімет

№ р/н	Өндірістік нысанның атауы (орналасқан жері)	Өндірістік үдерістің қысқаша сипаттамасы	Өндірістік экологиялық бақылау жиілігі
1	2	3	4

2 кесте

2. Зертхана туралы мәлімет

№ р/н	Аkkредиттелген сынақ зертханасының атауы	Аkkредиттелген сынақ зертханасы аттестатының номірі және мерзімі	Аkkредиттелген сынақ зертханасының ауданы
1	2	3	4

3 кесте

3. Эмиссия мониторингі

3.1. Атмосфералық ауа

Шығарынды көзінің атауы (шығарынды көзінің номірі)	Ластаушы заттардың атауы	Бекітілген мөлшер (г/с; т/жыл)	Мониторингтің шынайы нәтижесі (г/сек; т/кв.; т/жыл)	Мөлшерден асуы немесе сақталуы (ШЖБШ)	З а н бұзушылықты жою бойынша іс-шаралар
1	2	3	4	5	6

3.2. Су ресурстары

Әсер ету көздерінің атауы (бақылау нүктелері)	Ластаушы заттардың атауы	Бекітілген мөлшер (мг/дм ³ ; т/жыл)	Мониторингтің шынайы нәтижесі (мг/дм ³ ; т/кв.; т/жыл)	Мөлшерден асуы немесе сақталуы (ШЖБТ)	З а н бұзушылықты жою бойынша іс-шаралар
1	2	3	4	5	6

3.3. Өндіріс және тұтыну қалдықтары

Қалдықтарды сақтау және көму орнының атапу (орналасқан жері)	Қалдықтардың түрлері	Қауіпшілік деңгейі	Эмиссия мөлшері (т/кв.; т/г.)	Шынайы (т/кв.; т/г.)	Қалдықтардың қайта өндіре бойынша іс-шаралар
1	2	3	4	5	6

3.4. Жердің ластану деңгейінің мониторингі

Әсер ету көзінің атапу (бакылау нүктелері)	Ластаушы заттардың атапу	Бекітілген мөлшер (мг/кг)	Мониторингтің шынайы нәтижесі (мг/кг)	Мөлшерден асуы немесе сақталуы (ШЖБК, фон)	Заң бұзушылықты жою бойынша іс-шаралар
1	2	3	4	5	6

3.5. Радиациялық мониторинг

Әсер ету көзінің атапу (бақылау нүктелері)	Бекітілген мөлшер (мкЗв/с)	Мониторингтің шынайы нәтижесі (мкЗв/с)	Мөлшерден асуы немесе сақталуы (НРБ 99)	Заң бұзушылықты жою бойынша іс-шаралар
1	2	3	4	5

4 кесте

4. Санитарлық-қорғау аймағы шеңберінде әсер ету мониторингі

4.1. Атмосфералық ауа

Сынамалар алынатын нүктеде	Ластаушы заттардың атапу	Шынайы концентрация	ШЖБШ мөлшері м.р., мг/м³	ШЖБШ жогарылауы қысқаша	Заң бұзушылықтарды жою және экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныс
1	2	3	4	5	6

4.2. Су ресурстары

Сынамалар алынатын нүктеде	Ластаушы заттардың атапу	Шынайы концентрация	ШЖБШ мөлшері мг/л	ШЖБШ жогарылауы қысқаша	Заң бұзушылықтарды жою және экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныс
1	2	3	4	5	6

4.3. Топырақ жамылғысы

Сынамалар алынатын нүктө	Ластауыш заттардың атавы	Шынайы концентрация	ШЖБШ мөлшері мг/кг	Ш Ж Б Ш жоғарылауы кысқаша	З а н бұзушылықтарды жою және экологиялық жағдайды жаксарту бойынша ұсыныс
1	2	3	4	5	6

Ескерту: * бакылаудың жоспар-кестесіне сәйкес;
 ** ағымдағы жылы мониторингтің шынайы көрсеткіштері жарты жылдық және жылдық болып толтырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК